

**Науқастарды  
қабылдау және  
санитарлық тазалық  
жүргізу.**

**Қабылдау бөлімшесі**– тіркеуге, қабылдауға, алғашқы тексеруге, антропометрияға , түскен науқастарды санитарлық-гигиеналық өңдеуге әзірлеуге және білікті (шұғыл) медициналық көмек көрсетуге арналған маңызды консультативті-емдік-диагностикалық бөлімше. Бұл бөлімшенің медициналық қызметкерлер құрамы кәсіптілікпен, жылдам және ұйымдаса отырып жұмыс істейді. Әр түскен науқас қабылдау бөлімшесінде қамқорлық пен өзіне деген жарқын қарым-қатынасты сезінеді. Қабылдау бөлімшесінде жоғары мамандандырылған дәрігер кардиологтар мен терапевтер жұмыс істейді.

# Қабылдау бөлімшесінің негізгі қызметтері:

- Науқастарды қабылдау және тіркеу.
- Емделушіні дәрігерлік тексеру.
- Жедел медициналық көмек көрсету.
- Науқасты емдеуге жатқызу үшін стационар бөлімшесін анықтау.
- Науқасты санитарлық-гигиеналық өңдеу.
- Тиісті медициналық құжаттамаларды рәсімдеу.
- Науқастарды тасымалдау.

# Науқастар қабылдау бөлімшесіне мынадай тәсілдермен жеткізілуі мүмкін:

- Участкелік дәрігердің жолдамасы бойынша (Емдеуе жатқызу бюросы порталына сәйкес)
- Басқа да емдік-профилактикалық мекемеден ауысу арқылы (әкімшіліктің келіскен жағдайында).
- Науқастың өзі жеке қаралған жағдайда (шаруашылық есеп бойынша стационарлық ем алу үшін).

Қабылдау бөлімшесінің дәрігері науқасты қарайды және оны осы емдік мекемеге емдеуге жатқызу қажеттілігі туралы мәселені шешеді.

# ЕМДЕЛУШІ АУРУХАНАДА ЖАТҚАН КЕЗДЕ МЫНАЛАРҒА МІНДЕТТІ БОЛАДЫ:

- Әкімшілікпен бекітілген аурухана тәртібін бұлжытпай орындайды (таңертеңгі ұйқыдан ояну, таңғы ас, түскі ас, кешкі ас, ұйықтау).
- Дәрігер келген кезде, температура өлшегенде және түскі демалыс уақытында палатада болу.
- Емдеп жатқан дәрігердің, бөлімше меңгерушісінің, кезекші медициналық құрамның бұйрығын бұлжытпай орындау.
- Серуендеу уақытында аурухана төңірегінде болу.
- Өзінің кереуетін, көрпе-жастығын, тумбочкасын таза және ретті ұстау.
- Аурухананың барлық бөлмелерінде тазалық пен реттілікті сақтау.
- Тыныштық сақтау.
- Аурухана мүлігі мен бұйымдарына ұқыпты болу. Емделушілер жиһазды, мүлікті және бұйымдарды бүлдіргені үшін материалдық жауапкершілікке тартылады.
- Келушілерден тек қана әкімшілік рұқсат еткен өнімдерді қабылдау. Азық-түлікті өнімдерін тек қана емделушілердің тағамдарына арналған тоңазытқышта сақтауға рұқсат етіледі.

# АУРУХАНАДА ЖАТҚАН КЕЗДЕ МЫНАЛАРҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- Өз бетімен ауруханадан кетіп қалуға;
- Серуендеген кезде аурухана аумағынан шығып кетуге;
- Алкоголь ішімдіктерін, есірткі және психотропты (психикаға әсер ететін) заттарды сақтауға және қолдануға;
- Шылым шегуге;
- Құмар ойындарын ойнауға;
- Аурухананың басқа бөлімшелеріндегі науқастарға баруға;
- Бос төсектерге отыруға және жатуға, олардың төсек-орын жабдықтарын қолдануға;
- Терезе алды тақтайына отыруға, терезеден басын шығаруға;
- Ұйқыға жатқаннан кейін электр жарығын қосуға, радиоаппаратты, телефонды қолдануға, арлы-бері жүруге, басқа емделушілерге кедергі жасауға;
- Белгіленген әкімшілік сағаттан бөлек телевизор қарауға.